

Жүменкенов Ерғали

1923 жылы 14 қыркүйекте Қостанай облысы Федоров ауданында дүниеге келген. Әкешесінен жастай жетім қалып, інісі Бірғали екеуі Қостанай қаласындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, бастауыш білім алған. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Челябинь облысына қарасты Шұбаркөл станциясында 3 айдай әскери дайындықтан өтіп, тамыз айында 74-атқыштар полкінің құрамында Батыс Украинаның Староконстантинов, Проскуров, житомир, Львов қалаларын азат ету ұрыстарына қатысқан. 1943 жылдың басында Венгрия жеріндегі соғыста болады. 1944 жылы Карпат тауында шиеленіскен қатты ұрыста жараланып, госпитальда емделеді. 1944 жылдың 23 тамызында елге оралады. Федоров ауданында жұмыс істеп, кейін Аманкелді ауданына көшіп келеді. Өмірінің соңына дейін шаштараз болып, зейнеткерлікке шығады. Жауынгерлік «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Будапешті алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған.



